Баяндама: Балалардың мектепке дейінгі жан-жақты дамуын заманауи құралдар арқылы күшейту

Президент Қасымжомарт Тоқаев 2020 жылдың 1-ші қыркүйегінде халыққа жолдауында мектепке дейінгі білім беруге қатысты бірнеше мәселені көтерді. Солардың ішінде **балалардың мектепке дейінгі жан-жақты дамуы** мәселесі ерекше аталып өтілді.

Осы аталған мәселені екі түрлі тұрғыдан қарауға болады: бірі – мемлекеттік тұрғы. Екіншісі – жеке азаматтар тұрғысынан.

Мемлекеттік тұрғадан алсақ **балалардың мектепке дейінгі жан-жақты дамуы** мәселесі біртіндеп шешіліп келеді. Оның ішінде балабақшалар салу, арнаулы мамандарды дайындау, балабақша мамандары жалақысын көтеру сияқты өзгерістерді айтуға болады.

Ал жеке тұрғыдан алғанда, әсері дереу біліне бермейтін бір өзекті мәселе кеңінен таралып келе жатыр - ол гаджеттерді балалардың тым көп уақыт пайдалануына байланысты.

Соның салдарынан тілдері уақытылы шықпаған, тыңдау мен есте сақтау қабілеттері төмен, өз ойын дұрыс жеткізе алмайтын, еш нәрсеге қызықпайтын, қимылы аз, бірақ шыдамсыз әрі ашушаң, тиым болмаса 24 сағат бойы гаджеттен басын алмайтын мектеп жасына дейінгі ұрпақ өсіп жатыр.

Осы проблемалардың негізі жануяда қалыптасқанымен, көптеген ата-аналар балаларының бойындағы осындай проблемаларды балабақшаға беру арқылы жоюға тырысады және соны тәрбиешілерден талап етеді.

Біз Алматы қаласында бірнеше жеке балабақшаларды жүргізетіндіктен, және ата-ана ретінде, жаңағы айтылған мәселелерді екі жақтан да біле отырып, осы аталған проблемалардың шешудің бір жолы ретінде 2019 жылы Томпак планшеттерін жасап шығардық.

Бұл планшет функционалдық жағынан кәдімгі гаджеттердің бірі болғанымен, оның басты ерекшелігі оның ішкі дүниесінде.

Мәселен, анимация түріндегі тақпақтар мен ертегілер, жаңылтпаштар мен жұмбақтар баланың тез жаттап алуына негізделген. Ал баланың қимыл-қозғалысын көбейту, ата-ана мен бала және құрбыларымен қарым-қатынасын жақсарту үшін балалар орындауындағы танымал билер мен караоке, әндерді енгізілген. Ал сурет салу, бояу, пластилинмен жұмыс сияқты бағдарламалары баланың саусақ моторикасының дамуына көп көмегін тигізеді.

Жалпы айтқанда, Томпактың бағдарламалары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" сияқты салаларын толық қамтыған. Бағдарламалары қазақ және орыс тілдерінде.

Яғни, бала қолына еш шектеуі жок экраны кішкене смартфон бергеннен гөрі, оған пайдалы дүниесі алдын ала сурыпталған әрі тексерілген Томпак сияқты планшет берген дұрыс.

Негізі біз Томпак планшеттерін жыл сайын жаңартып отыруды мақсат етеміз. Осыған орай жақын арада Томпактың 3-ші нұсқасы шығады. Ол, әрине, алдыңғы буындарға қарағанда барынша жетілдірілген.

Тағы бір айта кететін жаңалық – 3-ші Томпақпен бірге балабақша методистерінің сұранысы бойынша тағы бір заманауи құрылғы шығады.

Қорыта айтқанда, осындай отандық кәсіби мамандардың көмегімен жасалған құралдарды шығара отырып біз жоғарыда да мемлекет деңгейінде көтеріліп жатқан мәселелерді шешуге өз үлесімізді қосып жатырмыз. Сондай-ақ, білім саласын цифровизациялау статегиясы да осындай жаңа құрылғылар арқылы жүзеге асады.

Егер сіздер осындай жасалатын заманауи заттарға қосатын ойларыңыз, ұсыныстарыңыз болса, бізге хабарласыңыздар. Жаңа Қазақстанның гүлденуіне үлес қосатын азаматтармен жұмыс жасауға біз дайынбыз!

Назарларыңызға рахмет!

Томпақ бәрімізге ортақ!

Нурлан Тургенбаев

Томпак

8 777 227 1782